

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 қыркүйек N 1163

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің алған мұнай өнімдері үшін өнім берушілер алдындағы берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Мұнай-газ" мемлекеттік холдинг компаниясы жанындағы "Мұнай-Комплект" фирмасынан алған мұнай өнімдері үшін кредиттік берешегін өтеу есебіне "Мұнай-Комплект" фирмасының Павлодар қаласындағы Павлодар мұнай өңдеу заводы жанындағы өкілетті өкілі "Радикал ЛТД" фирмасының республикалық бюджетке төлемдер бойынша жалпы сомасы 96043 мың (тоқсан алты миллион қырық үш мың) теңге, оның ішінде:

заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша - 31043 мың

(отыз бір миллион қырық үш мың) теңге;

қосылған құнға салынатын салық бойынша - 31000 мың (отыз бір миллион) теңге;

акциздер бойынша 34000 мың (отыз төрт миллион) теңге берешегін есептесін;

аталған соманы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қаржыландыру есебіне оны республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып есептесін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің оған берілген мұнай өнімдері үшін төлемді кешіктіргені үшін айыппұл санкцияларын қолданбау туралы ұсынысымен келісілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК